

БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ. 1-ТОМ

АНТИКА ФИЛОСОФИЯСЫ

Метафизика. 1-бөлім



Мақсаты – Парменид және Платон философияларындағы болмыс мәселесімен байланысты антика метафизикасының негізгі элементтерін қарастыру.

Жоспары:

1. Парменид онтологиясы.
2. Платон онтологиясы.

Түйін сөздер

Онтология, болмыс, бейболмыс, тіршілік, әмбебаптылық, өзгеріссіздік, ғаламдық ағын.

«Метафизика» сөзі Аристотельдің он төрт кітабының жалпы атауынан шығады. Оларды Аристотель баспагері «*Ta meta ta phusika*» – «физикалықтан соң» немесе «физикадан кейін жүретін» деп атады. Соңғысымен бүгінгі таңда Аристотель «Физикасының» құрамына кіретін кітаптарды айтады. Бұл атау, шамасы, Аристотельді зерттеген философтарға ескерту болған: шынайы әлемнің табиғаты туралы кітаптарды (өзгерістер туралы, өйткені өзгерістер шынайы әлемнің анықтаушы тұсы болып атбылады), яғни «физикалық шығармаларды» меңгермей «Метафизиканы» бастамау қажет.

«*Ta biblia*» (кітаптар) грек көптігі «*biblia*» (Библия) сынды сингулярлы латынның сөзі болғандай, көптік жалғаудағы «*ta meta ta phusika*» атаулы грек тобы ортағасырлық латында «*metaphysica*» сөзінің жалғыз зат есімі болды. Бұл сөз Аристотель кітабының атауына сілтеме (ол енді біртұтас болғандай), сондай-ақ осы кітапта таныстырылған «ғылымды» айқын көрсету үшін қолданылды. Барлық заманауи еуропалық тілдердегі «метафизика» сөзін латын сөзіне сәйкес келетін тілдің орфографиялық және фонетикалық талаптарына бейімдейді. Бұл Еуропада кездесетін еуропалық емес тілдерге де қатысты (фин немесе венгр тілдері сияқты). Бірақ кейбір еуропалық емес тілдерде жазылған шығармаларда жергілікті компоненттерден құралған сөздер қолданылады. Олар оны «метафизика» деген еуропалық сөзді аудару үшін де, тақырыбы батыс метафизикасының тақырыптық саласына ұқсас өз философиялық дәстүрлеріне сілтеме жасау үшін де қолданады. Мысалы, «метафизика» сөзін аударатын қытай сөйлемі «И цзиндағы»: «материядан жоғары, ол Дао» деген пікрдің аллюзиясы болып табылады. Араб тілінде ол сөз, әдетте, «құдіреті заттар туралы ғылым» дегенді білдіреді. Қытай және араб сөздерінің мағынасынан бөлек, «*metaphysicadan*» шығатын еуропалық сөздер өз мәніне қатысты ешбір ішкі мағынаны көрсетпейді.

«Метафизика» сөзі – аристотельдік «Метафизика» пәні болып табылатын сол ғылымның (сол *episteme*, сол *scientia*, сол пән мен сол зерттеулер) мәнін береді деп айта аламыз ба? Сұрақты осылай қойып біз мына секілді тезистерді қабылдауға мәжбүрміз: «Метафизика пәні – болмыс»; «Метафизика пәні – заттардың алғашқы себептері»; «Метафизика пәні – өзгеріске ұшырамайтынның барлығы». Бұл тезистердің кез келгені «метафизика» деп аталатын тақырыптың негізсіз емес сипаты ретінде қарастырылуы мүмкін; XVII ғасырға дейін, Аристотель мен ортағасырлық авторлардың физикалық тұрғыдан қарастырған көптеген тақырыптары мен проблемалары (мысалы, сананың және дене немесе ерік бостандығы немесе жеке адамның уақыт аралығындағы барабарлығы) метафизикада «қайта қарала» бастады. XVII ғасырда «метафизика» кей жағдайда жіктеуге келмейтін философиялық мәселелердің жинағы ретіндегі қалдық контейнерлердің рөлін атқаратын санатқа айналған секілді: «эпистемология да, логика да, этика да емес...» (шамамен, осы кезде «метафизика» сөзі атқара алмайтын функцияны атқару үшін болмыс туралы ғылым болып табылатын «онтология» сөзі келді). Пост-Лейбниц мектебінің университетік рационалистері «метафизика» сөзі бұрынғыға қарағанда кең мағынада қолданыла бастағанын сезді. Христиан Вольф осы кең мағынаны мына тәсіл арқылы ақтауға тырысты: метафизиканың тақырыбы болмыс болса да, болмысты тұтастай немесе объектілердің белгілі бір санатына қатысты зерттеуге болады. Ол «жалпы метафизика» (немесе онтология), болмысты солай зерттеу және «жеке метафизиканың», яғни жан немесе материалдық денелер сияқты, әртүрлі объектілердің болмысын зерттейтін әртүрлі тармақтарын анықтайды.

«Метафизика» сөзінің кең қолданылуы, бүгінгі күні «физика» сөзі «физика» деп аталатын жаңа, сандық ғылымның атауына айналуымен түсіндірілді; және құбылмалы заттарға қатысты



көптеген дәстүрлі философиялық мәселелерді зерттеулерде аз қолданыла бастады. Бірақ, бұл өзгерістің себебі қандай болса да, метафизика пәні аристотельдік «Метафизика» пәнімен сәйкес келуі керек деген тұжырымдама қазіргі тұтынуға қайшы келетіні айқын (шын мәнінде соңғы үш жүз немесе төрт жүз жыл бойы қабылданған қолданысқа да). Мұндай мәлімдеме, сонымен қатар, алғашқы себептердің барын терістеген сөздің қазіргі мағынасындағы эталонды метафизикалар бар және бұрын да болған деген дәйегіне қарсы келуші еді; ол бүгінгі мағынасында нақты метафизикалық немесе барлығы өзгереді деп қолқалаған (бір мезетте материалист және номиналист болып келетін Гераклит және қандай да бір заманауи философ), сонымен қатар, ешбір өзгеріске ұшырамайды дейтін объектілердің ерекше түрінің бар екенін терістейтін (Парменид пен Зенон) тезис.

Метафизиканың басты мәселесі онтология: болмысты зерттеу болып табылады. «Онтология» сөзі гректің «он» (көпше түрде «onta») сөзінен шыққан. Ол «einaí» – «болу» етістігінің осы шақтағы есімшелі формасы. Грек тілінде, ағылшын тіліндегідей, адамдар немесе заттар тобын айқындап көрсету үшін белгілі бір артиклды есімшенің алдына қоюға болады. Онтологияның негізін қалаушы Парменид болды. Ол «он» есімшесінің алдына «to» нақты артиклін қойып, өз саласын белгілеп алды. «То он» тіркесінің сөзбе-сөз мағынасы – «тіршілік иесі, болмыс», яғни бар заттың бәрі дегенді білдіреді. Бұл сөзді ағылшын тіліне бастапқы әріппен «Болмыс» деп аудару қабылданды. Бас әріпсіз, «болмыс» деген ағылшын сөзі философияда екі мағынаны береді, біріншісі грек есімшесіне сай келеді, келесісі – гректік анықталмаған етістігіне сай келеді. Болмыс (есімшені пайдалана отырып айтуға болады) бұл индивидуум: ал болмыс (анықталмаған етістік негізінде) – бұл осы индивидуумның немен айналысатыны, тіршілік етуі. Жеке болмыстар жиынтығы Болмысты құрайды. Кісіні зеріктіретін мұндай грамматикалық айырмашылықтарды ашып көрсету өте қажет. Себебі оларды ескермеудің салдарынан кезінде тіпті ұлы философтар да тығырыққа тірелген. Парменидті түсіну үшін тағы бір маңызды айырмашылық – болмыс пен тіршілік етудің бір-бірінен айырмашылығын анықтап алған жөн.

Ағылшын тіліндегі «болу» етістігі және оның грек тіліндегі баламасы, әлбетте, «тіршілік ету» деп аударылуы мүмкін. Уордсуорт бізге былай дейді, «ол ешкімге белгісіз өмір сүрді, Люси тіршілік етуін тоқтатқанда, оны білгендер де аз болды». Ағылшынша «болу» етістігінің поэтикалық қолданысы кең тараған. Бірақ өмірде пирамидалардың әлі де бар екенін, ал Колостың жоқ екенін меңзегенде: «пирамидалар бар, бірақ, Родос Колоссы жоқ» деген сияқты тіркестерді қолдану жасанды. Алайда осыған ұқсас пайымдаулар көне грек тілінде әбден орынды еді және «болу» етістігінің осы мағынасы, сөзсіз, Парменидтің болмыс туралы тұжырымдамасында бар. Бар нәрсенің, тіршілік етушінің бәрі болмыстың бөлшегі саналады. Дегенмен грек тіліндегі «to be» етістігі «Троя енді жоқ» тәрізді сөйлемдерде ғана емес, басқа тұрпаттағы «Елена сұлу», «Афродита – құдай әйел», «Ахилл батыр» сияқты басқа нұсқадағы сөйлемдерді Аристотель категориялар деп атады. Парменид үшін болмыс – тек тіршілік етушілердің өзі ғана емес, «бар» байланыстырушы етістігі қолданылған кез келген сөйлем. Сол сияқты болмыс дегеніміз – тек тіршілік ету ғана емес, сонымен қатар, кез келген күйде болу. Ыстық немесе суық болу, топырақ немесе су және тағы басқа болу. Егер осылай түсіндірсек, болмыс – тұтас тіршіліктің өзінен де әлдеқайда бай әрі құпияға толы әлем болмақ. Ал енді Кенни өз кітабында келтірген Парменидтің өлеңмен айтқан кейбір жұмбақ пікірлерін толығырақ қарастырайық:

Санаңды егер ой шырмаса, атын оның болмыс дейді,

Дүниеде бар тек болмыс қана, басқа ештеңе болмас дейді.

Бірінші жолы (сөзбе-сөз: «егер сіз бір нәрсе туралы ойлай алсаңыз немесе бір нәрсе туралы айта алсаңыз, ол – болуы керек») болмыстың әмбебаптығын көрсетеді. Сіз кез келген атаумен атай алатынның бәрі, сіз не ойласаңыз, соның бәрі болуы тиіс. Неге олай? Болжалды түрде айтсақ, егер мен қандай да бір есімді атасам немесе қандай да бір ой ойласам: – Сіз кімді айтып тұрсыз немесе нені ойлап тұрсыз? деген сұраққа жауап бере алатындай болуым керек. Екінші жолда (сөзбе-сөз: «тіршілік етуші бар, ал ештеңе жоқ») жалпы алғанда бар нәрселер бір нәрсе болуы керек. Бұл жәй ғана еш нәрсе болуы мүмкін емес деп көрсетіледі.

Парменид өзінің кейінгі фрагменттеріне болмысқа сай келетін Бейболмыс ұғымын енгізген кезде, бәрі түсініктірек болды.

Ешқашан бейболмыс жеңіске жетпейді;

Осыны ұғынсаң, зияндық етпейді.



Мұндағы бейболмыс Парменидтің есімшесін (meeonta) теріске шығарады. Парменидтің грекше сөзі әбден дұрыс екені түсінікті болғанымен, ол болмысқа толықтай қарама-қайшы ұғымды білдіруі тиіс екенін контекст түсіндіріп өтеді. Егер болмыс қандай да бір заттың ақиқат екенін білдірсе, онда бейболмыс – болуы ақиқат емес бірдеңені білдіреді. Әрине, бұл нонсенс, шынайы емес заттың болуы мүмкін еместігімен қоса, ол туралы ойлау да мүмкін емес.

Бейболмысты түсінбейсің – жасай да, айта да алмайсың;

Ойдағы һәм бар дүние – бірдей ғой, таңғалмайсың.

Егер біз «бейболмысты» оған бірде-бір тұжырымдама беруге болмайтын, мүмкін емес нәрсе ретінде түсінсек, онда ол туралы ойлау да мүмкін емес әлдене деп айту, сөзсіз, дұрыс болады. Егер сіздің: «не туралы ойлап тұрсыз?» деген сұрағыңызға мен: бұл қандай да бір зат болып есептелмейтін бірдеңе деп жауап берсем, сіз абдырап қаласыз. Егер соған қоса, мен оның нені білдіретінін түсіндіре алмасам немесе мынадай нәрсе деп сипаттап бере алмасам, сіз менің ештеңе ойламағаным, тіпті ойланбағаным туралы әбден дұрыс әділ қорытынды жасайсыз. Егер біз Парменидті осы мағынада қабылдасақ, ойлау мен тіршілік ету – бөлінбейтін байланыста деген тұжырыммен келісе аламыз.

«Ештеңеден еш нәрсе туындамайды» деген қағидаға сай, әрқилы пікірдегі ойшылдар әлем әрқашан тіршілік етуге тиіс болған деген қорытындыға келеді. Енді біреулері өз уәжін растайтын дәлел ретінде әлемнің қандай да бір белгілі кезеңінде, бұрын немесе кейін пайда болуы үшін жеткілікті дәлелді себептер жоқ деген тұжырымдама ұсынды. Дегенмен Парменидтің болмыстың басталуы мен аяқталуы жоқ деген тұжырымдамасы кең ауқымда қабылданды. Болмыс шексіз ғана емес, ол өзгеріссіз («түбегейлі, тиянақты»), немесе тіпті уақыт ағымына да (болып жатқанның бәрі қазір болып жатыр және оның өткені мен болашағы жоқ) тәуелді емес. Өткеннің, осы шақтың және болашақтың арасын не бөле алады? Егер ол қандай да бір болмыстың түрі болмаса, онда уақыт – шынайылық емес; ал егер ол болмыстың бір түрі болса, онда мұның бәрі – мұның барлығы бір Болмыс. Өткен шақ, осы шақ және келер шақтың бәрі де – болмыс. Осындай пікірлері арқылы Парменид болмыстың тұтастығын көрсетуге тырысады.

Парменид пен оның грек Италиясындағы шәкірттері абсолютті тұрақты нәрсе ғана шынайы болады деп тұжырымдаған уақытта, грек Азиясын мекендеген Гераклит шынайы нәрсенің бәрі жалпы ағымда болады деген ой айтты. Гераклит жұмбақтап сөйлейді. Өзінің жаппай өзгеру философиясын түсіндіру үшін ол мысал ретінде от пен суды пайдаланды. Әлем – тұрақты тірі от, ол бір сәтте жанып, екінші бір сәтте өшеді. Сонымен бірге, әлем үздіксіз ағып жатқан өзен тәрізді. Егер сіз өзенге түссеңіз, онда бір түскен суға екінші рет түсе алмайсыз. Егер Платон оның сөзін дәл жеткізген болса Гераклит өз метафорасына еліге отырып, «бір өзенге екі рет түсуге болмайды» деп мәлімдеді. Қалай болғанда да, ол заттардың бәрі үздіксіз қозғалыста болатыны туралы тұжырымға күмән келтірмеді. Егер біз мұны байқамасақ, онда бұл – сезімдеріміздің жеткіліксіздігінен. Демек, Гераклит үшін өзгерістер ақиқат жолы болса, тұрақтылық – көрінетіндей жол.

Парменид пен Гераклит ғасырларға созылған философиялық қақтығыстар үшін шайқас алаңын салып беріп кетті. Платонның философиялық толғаныстарының басым бөлігі осы екі аполегетті бітістіру мен қарусыздандыруға арналған-ды. Оның кейіпкерлерінің бірі бізге ойшыл кез келген ақиқаттың өзгеріссіздігі туралы доктринаны немесе ақиқат барлық жерде өзгереді деген доктринаны қабылдаудан бас тартуға тиіс дейді. «Өзінің тәтті тоқашын алып жегісі келетін, әрі сақтап қалғысы келетін бала секілді, ол болмыс деген бір мезетте әрі өзгермейтін, әрі өзгеру үдерісіндегі барлық нәрселердің ортақ жиынтығы екенін айтуы керек».

Аристотель Гераклит идеяларының әсерінен Платонның философияға бет бұрғанын, сол идеяларды өмір бойы ұстанғанын айтады. «Теэтетте» Платон әмбебап ағымды қабылдамай Гераклит идеяларындағы ақиқатты сақтап қалуға тырысатын қабылдау теориясын ұсынады. Кенни бұл мәселені кітабының келесі бөлімінде қарастырады, ал осы жерде парменидтік сұрақтарға шоғырланады.

Платон өз өмірінде осы екі алып тұлға көтерген метафизикалық мәселелерді түсіндіруге жүйелі түрде үш талпыныс жасады. Біріншісі – «Симпозиумда», «Федонда» және «Мемлекетте» ұсынылған идеялар теориясы. Қысқаша айтар болсақ, бұл кезеңде Платонның Сократы философия саласын екі бөлікке бөліп, идеялардың ақылмен тануға болатын әлемін Парменидке, ал сезім арқылы сезуге болатын әлемін Гераклитке тиесілі етті. Екінші талпынысы



– Парменидтің құрметіне аталған диалогте Сократқа мінсіз теорияның кейбір қолайсыз салдарын ашып көрсеткені сипатталады. Қорытынды талпыныста «Софисттегі» үшінші басты кейіпкер – Элеядан шыққан аты белгісіз бейтаныс бізді тек Парменид пен Гераклиттен ғана емес, сонымен қатар, Платонның Идеялар теориясынан бас тартуға мәжбүрлейді. Ол осы үшеуін алмастыратын және өзіндік метафизикалық тәтті тоқашты әрі жеп, әрі сақтап қалуға мүмкіндік беретін күрделі шешімнің пайдасы басым деп үгіттейді.

«Софист» пен «Парменид» диалогтарын Кенни ыждағаттылықпен зерттеп, Платонның соңғы екі талпынысына аса назар аударады. Кенни кітабының бірінші тарауында талдаған Платонның идеялар теориясына қайта оралып, Платон қызығушылық танытқан «Софист» пен «Парменидтегі» түрлі формалар арасындағы қарым-қатынасқа тоқталады. Ол бұл тақырыпты тілдің негізінде жатқан «формалардың өзара байланысы» деп сипаттайды. Егер біз ешбір форма бір-бірімен үйлесе алмайды немесе бәрі үйлесе алады деп есептесек, онда өзімізге ор қазамыз. Нақтырақ айтқанда, кейбірі үйлесе алады, ал кейбірі үйлесе алмайды, біз қандай формалар басқа формалармен үйлесе алатынын анықтауымыз керек. «Парменидтегі» Бүтін (to hen) секілді, бұл жердегі басты рөлді Болмыс (to on) атқарады. Бірақ Болмыс ілімімен бірге басқа формалар да – қозғалыс, тыныштық, біркелкілік және айырмашылық – қарастырылады және олардың өзара қарым-қатынасы зерттеледі.

Айырмашылық болмысқа деген шешуші қатынаста екені айқындалды. Біз жоқ нәрсе туралы сөз қозғасақ, болмыстың қарама-қарсылығы, яғни бейболмыс турасында емес, заттардың бірінің басқасынан айырмашылығы жөнінде айтамыз. Әдемі емес – әдеміден, әділетсіз – әділеттіден ерекшеленеді, бірақ, әдемі емес және әділетсіз нәрселер әдемі және әділмен салыстырғанда шынайылығы жағынан кем емес. Егер біз бүкіл жоқ немесе болмайтын нәрселерді бір-бірімен біріктірсек, онда бейболмыс санаты шығады, ол да тура болмыс санаты сияқты шынайы болады. Сөйтіп, біз Парменидтің қамауынан, тұтқынынан босанамыз, – дейді Кенни.

Қазір біз ой мен сөздегі жалғандықты баяндайтындай халдеміз. Жоқ дегеніміз – не екені жайында ойлану немесе сөйлеу мүмкіндігі болмайтын нәрсе. Өйткені бейболмыс – нонсенс болды. Бірақ енді, бейболмыстың расында да шын екені анықталғанда, біз мұны жалған ойлар мен жалған сөйлемдерді түсіндіру үшін қолдана аламыз. Әдеттегі сөйлем зат есімнен және етістіктен құралып, бір нәрсе туралы бірдеңе айтады. «Теэтет отыр» және «Теэтет ұшып бара жатыр» – екі сөйлем де Теэтет туралы, бірақ, оның бірі шындық та, екіншісі жалған. Олар Теэтет туралы әртүрлі ой айтады. Ол жайында шындықты айтатын сөйлем оған тән нәрселердің арасында. Ал ол жөнінде жалған сөйлейтін сөйлем оған тән емес нәрселердің арасында. «Ұшу» дегеніміз – жоқ нәрсе емес, өмірде бар ұғым, бірақ бұл Теэтетке қатысты айтылатын нәрсе емес, ол Теэтет туралы айтуға болатын нақты нәрселерден ерекшеленеді. Кейде «Софистте» Платон болмыс табиғаты туралы философиялық тұрғыда қарсылас топтар арасындағы шайқас жағдайларын сипаттайды. Бір жерде бұл алыптар мен құдайлар арасындағы шайқас сипатында баяндалады. Алыптар – материалистер. Олар заттардан басқа еш нәрсе жоқ деп ойлайды. Ал Құдайлар – идеалистер. Олар, идеялар теориясында көрсетілгендей, денелік формаларды қабылдайды. Басқа жерде, материалистер, Гераклит басшылығымен, әмбебап ағымның жақтаушысы ретінде көрінеді (барлық заттар үнемі өзгереді). Ал Формалардың жақтастарын бастаушы Парменидтің доктринасы бүкіл шынайы ақиқат өзгермейтінін көрсетеді. Ақырында, өзін нағыз философпын дейтіндер Гераклитке құлақ аспай, сонымен бірге бүкіл шынайы ақиқат өзгермейді дейтін доктринадан да бас тартуы керек дегенді естиміз. Оны жалғыз Форманың жақтаушысы (Парменид) айтса да, бірнеше форманың жақтасы (Платон теориясы) алға тартса да елемеуіміз керек деушілер де аз емес.

«Софист» бізге болмыс барлық өзгертін де, өзгермейтін де нәрселерді қамтиды дегенді айтып, тәтті тоқашымызды әрі жеп, әрі сақтап қалудың оңай жолын көрсетті.

Сонымен, біз Энтони Кенни кітабының бесінші тарауында талдаған Парменид және Платон философиясындағы онтологиялық мәселелермен байланысты антика метафизикасының кейбір мәселелерімен таныс болдық. Келесі дәрісімізде біз антика философиясының метафизикалық мәселелерін талдауды жалғастырамыз.



Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Антика метафизикасының басты тақырыбы не болды?
2. Не себептен Кенни грек және ағылшын тілдеріндегі грамматикалық айырмашылықтарға аса мән береді?
3. Парменид болмыс түсінігін қалай түсіндіреді?
4. Парменид бойынша болмыс пен бейболмыс арасындағы айырмашылық неде?
5. Парменид пен Гераклиттің болмысты түсінулері несімен ерекше?
6. Парменид бойынша болмыс пен ойлаудың байланысы қандай?
7. Парменид пен Гераклит зерделеген метафизикалық мәселелерді анықтау мақсатында Платон қандай жүйелі талпыныстар жасады?
8. Платон онтологиясы неге сүйенеді?

Әдебиет

1. Anthony Kenny, *Ancient Philosophy: A New History of Western Philosophy, Volume 1.* – Oxford University Press. – 2014. – 368 p.
2. Кенни Э., *Батыс философиясының жаңа тарихы, 1 том, Антика философиясы.* – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 408 б.
3. *Әлемдік философиялық мұра: жиырма томдық. 2-том: Антикалық философия / құраст.: Қ.Ә. Әбішев, Т.Ы. Әбжанов.* – Алматы: Жазушы, 2005. – 567 б.
4. Диоген Лаэртский, *О жизни, учениях и изречениях знаменитых философов.* / Пер. и прим. М. Л. Гаспарова. Общ. ред. и вступ. ст. А. Лосева. (Серия «Философское наследие»). – М., Мысль, 1979. – 624 с.
5. Чанышев А. Н., *Курс лекций по древней философии.* – М., 1981.
6. Adler M., *Aristotle for everybody. Difficult Thought Made Easy.* Published June 1st 1997 by Touchstone (first published 1978).